

## Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

## Жаратылыстану ғылымдары факультеті

## Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

## №8 ХАТТАМАСЫ

28.04.2023 ж.

Түркістан қаласы

**Қатысқандар: комиссия төрағасы:**

Курбанбеков Ш. – PhD., доцент м.а;

**Комиссия мүшелері:**

1. Б.Сарсенов - Жаратылыстану факультетінің декан орынбасары;
2. К.Ж.Назарова – ф.-м.ғ.к., доцент м.а.;
3. М.А.Муратбекова – PhD, аға оқытушы;
4. М.А.Султанов – ф.-м.ғ.к., профессор м.а.;
5. Ш.Ж.Раманкулов – PhD, аға оқытушы;
6. Г.Ж.Тұрметова – техн.ғ.к., доцент м.а.;
7. Б.Б.Тойжигитова – PhD, аға оқытушы;
8. М.О.Алтынбекова – х.ғ.к., доцент;
9. Ә.Т.Мейірбеков – техн.ғ.к., профессор м.а.;
10. Б.С.Абжалов – х.ғ.к., доцент;
11. Ш.М.Беласарова – аға оқытушы;
12. Е.Н.Еділбаев – 8D01503 – докторант;
13. А.А.Аташбек – 7M01535 – магистрант;
14. А.Рымбек – 5B010900 – студент;
15. Ж. Тлеубергенава – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

**Шақырылғандар:**

1. Б.Сарсенов – Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары
2. Г.И.Исаев – Биология кафедрасының меңгерушісі
3. Р.Н.Нұрділлаева – Экология және химия кафедрасының меңгерушісі
4. М.Д.Кошанова – Математика кафедрасының меңгерушісі
5. Б.Ж.Сеитов – Физика кафедрасының меңгерушісі

**Комиссия хатшысы:** Абишова Гулжан – аға оқытушы**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрақұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.
2. Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жүргізу.
3. ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігін талдау, жетілдіру.
4. Сәуір айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау.

**Тыңдалды:** Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы Курбанбеков Ш. күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрақұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау ұсынды. Жалпы университетте психологиялық атмосфера қанағаттанарлық.

**Шешім:** Оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрокұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін жоғарылату мақсатында келесі ұсыныстар айтылды:

Оқытушылардың жағдайларын жақсарту бойынша ұсыныстар:

1. Кафедра қызметкерлерін еліміздің және әлемнің басқа университеттерінің базаларында оқыту, шетелдік тағылымдамаларды қолжетімді ету.
2. Оқу процесін қазіргі заманғы материалдық-әдістемелік қамтамасыз ету.
3. Оқытушыны қағаз және бюрократиялық жүктемеден босату.
4. Әр оқытушының жұмыс орнын анықтау, заманауи компьютерлермен жабдықтау, жалақысын көтеру.
5. Халықаралық конференцияларға қатысу үшін университет есебінен іс-сапарлар мүмкіндігін қарастыру.

**2. К.Назарова:** күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз қозғады: оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жүргізу бойынша сөз алды.

Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақты сапалы әрі қызықты өтуге ұмтылуда. Оқытушыларының сабақ беру барысында жаңа технологиялар мен әдістемелерді кеңінен қолдану сабақтың сапасын артуда. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты әрі жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да адам келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін - өзі дамытып оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Факультеттің ОПҚ-ң сабақтарына оқу-әдістемелік бөлім басшылары, кафедра меңгерушілері, факультеттің және кафедраның оқу-әдістемелік төрайымы мен кафедра мүшелері қатысып, өткен сабақтарға талдау жасалып, хаттамалар дайындалды.

**М.О.Алтынбекова:** Оқу әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша әдістемелік семинарлардың тізімі төмендегіше қарастырылды. Бұл семинарлар факультет бойынша жүргізілді, сонымен қатар кафедраларда да кафедраішілік семинарлар ұйымдастырылды. Сонымен қатар семинарларға оқытушы-профессор құрамының қатысуына ықпал жасалынды.

**Шешім:** ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын қолдану аясы кеңейтілсін. Алдағы оқу жылы инновациялық технологияларды: жобалау технологиясы; саралап даралап оқыту; дамыта оқыту технологиясы; модульдік оқыту технологиясы; сын тұрғысынан ойлауды дамыту; сатылай кешенді талдау; деңгейлеп оқыту технологияларын қолдану аясын кеңейту академиялық комитет тарапынан қолға алынсын.

**Тыңдалды:** Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы Курбанбеков Ш. күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз қозғады: ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігін талдау, жетілдіру.

**Б.Абжалов:** Кафедраларда 2022-2023 жылына арналған кәсіби бағдар жұмыстарының жоспары құрылған. Оқытушы-профессорлар мектептерде оқушыларды мамандыққа баулу мақсатында кәсіби бағдар жұмыстарын жасау тиіс. Оқытушы-профессорлар бөлінген тізім бойынша мектептерге барып, мамандықтарымызға талап білдіруші оқушылардың тізімін алып, оларды ақысыз кеңес беруге шақыру қажет.

Түркістан облысында 1033 мектеп бар. Облыс бойынша шамамен 27-28 мың талапкерлер мектепті бітіреді деп күтілуде. Барлық аудан және қала орталықтарындағы тест орталықтарымен байланыс орнатылды. Енді көршілес облыстармен де байланыстар қарастырылуда. Жылда өтетін республикалық Ясауи олимпиадасына келетін

қатысушылармен кездесуге дайындық жасалып қойылды. Көршілес аудандар – Созақ, Алғабас, Түркістан, Ордабасы және Арыс аудандарының жаратылыстану бағытын таңдайды деген мектеп оқушылардың тізімі дайындалуда. Облыс және аудан орталықтарындағы тест орталықтарына мектеп бітірушілерінің (таңдаған мамандықтары белгіленген) тізімі әлі берілмеді.

**Ш.Раманкулов:** 2022-2023 оқу жылында кәсіби бағдар жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында кәсіптік бағдар мен педагогикалық, дипломдық, практика жұмыстары ұштастырылды. Педагогикалық практика өтетін бітірушілерге мамандықты сипаттайтын буклеттер беріліп, олардың баратын мектептерде біздің университеттің жетістіктерін, басқа ЖОО артықшылықтарын, өз мамандықтарының жетістіктерін түсіндіруді міндет етіп, педагогикалық практика есептерінде осы мақсатта атқарылған жұмыстары туралы көрсетілуін талап етті.

**Р.Н.Нүрділлаева:** 2022-2023 оқу жылына дарынды және талантты талапкерлерді қабылдау мақсатында университеттің кәсіби бағдар орталығының ұйымдастыруымен Кентау қаласындағы Дайындық факультетінің тыңдаушыларына кафедрада оқытылатын білім беру бағдарламаларына үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу барысында дайындық факультетінің тыңдаушыларына кафедраның білім беру қызметіне қатысты оқытылатын бакалавриат, магистратура білім беру бағдарламалары, оқу лабораториялары, білім беру бағдарламаларының толық сипаттамасы берілген буклеттер таратылды. Түркі тілдес елдерден келген тыңдаушылар кафедра мамандықтарына қызығушылық танытып сұрақтар қойып, сұрақтарына оқытушылар дәйекті жауап берді.

**Ғ.И.Исаев:** Қыркүйек айында №16 Т.Бигелдинов мектебінен биолог мұғалім мен 10 оқушы келді. Қазан айында №18 мектептен 6 оқушы, №23 мектептен 3 оқушы келді. Ғимараттың ішінде экскурсия жүргізіп, мамандықтар жайлы кәсіби бағдар жұмыстары атқарылды. Мектеп оқушыларымен кездесулер наурыз-мамыр айларында жүзеге асырылады, себебі оқытушылар мектептермен, колледждермен өзара келісіммен ұйымдастырып, кездесуге барады және дәстүр бойынша кәсіби бағдар жүргізеді. Мектеп және колледждерге бару және кездесулер, әр оқытушылардың өздеріне тиесілі бекітілген жоспар бойынша жүзеге асырылады.

**Шешім:** ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру жұмыстарын жетілдіру мақсатында әлеуметтік желілер (фейсбук, инстаграмм, в контакте т.б.) мүмкіндігі барынша пайдаланылсын. Бұл жөнінде жұмыстар кафедра меңгерушілеріне, декан орынбасарларына, факультет операторына жүктелсін.

#### Тыңдалды:

**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Ш.Курбанбеков күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша сөз алып, сәуір айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін қорытындылады:**

1. Оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрокұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнамалар нәтижелері бойынша келесі ұсыныстар анықталды:
2. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын қолдану аясы кеңейтілсін. Алдағы оқу жылы инновациялық технологияларды: жобалау технологиясы; саралап даралап оқыту; дамыта оқыту технологиясы; модульдік оқыту технологиясы; сын тұрғысынан ойлауды дамыту; сатылай кешенді талдау; деңгейлеп оқыту технологияларын қолдану аясын кеңейту академиялық комитет тарапынан қолға алынсын.
3. ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру жұмыстарын жетілдіру мақсатында әлеуметтік желілер мүмкіндігі барынша пайдаланылсын. Бұл жөнінде жұмыстар кафедра меңгерушілеріне, декан орынбасарларына, факультет операторына жүктелсін.

Ф-ОБ-001/065


**Шешім:** Факультеттегі сәуір айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелері қанағаттанарлық деп таңылсын.

**Мәжіліс төрағасы:**



**Ш.Курбанбеков**

**Мәжіліс хатшысы:**



**Г.Абишова**